# "Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 111 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 68 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 31 наурызда № 9285 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 18.09.2014 № 404 бұйрығымен.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8459 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесінде:

2 «Салықтық емес түсімдер» санатында:

01 «Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер» сыныбында:

7 «Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар» кіші сыныбында:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жергілікті бюджеттен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар | 2 | 01 | 7 | 17 | | 100 | 100 | | |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жергілікті бюджеттен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар | 2 | 01 | 7 | 17 | | 100 | 100 | 100 |

»;

04 «Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» сыныбында:

1 «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық органдары салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 | 04 | 1 | 55 | 100 | | | |

»;

4 «Трансферттердің түсімдері» санатында:

01 «Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер» сыныбында:

1 «Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын трансферттер» кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Астана қаласының бюджетінен алынатын бюджеттік алу | 4 | 01 | 1 | 07 | 100 | | | |

».

2. Бюджеттік жоспарлау және болжамдау департаменті (Ж.Т. Тоқабекова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Министр* *Е. Досаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК